

Қазақстан Республикасы Президентінің "Жеке тұлғаларға арнап шетелдік валютадағы және теңгемен жасырын шоттарды енгізу туралы" Заң күші бар Жарлығының күші жойылды деп тану және Қазақстан Республикасының жасырын шоттар мәселелері жөніндегі кейбір заң актілеріне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1996 жылғы 27 қыркүйек N 37-І

1-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің "Жеке тұлғаларға арнап шетелдік валютадағы және теңгемен жасырын шоттарды енгізу туралы" 1994 жылғы 1 ақпандағы Заң күші бар N 1537 U941537_ Жарлығының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 6, 58-құжат, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 5,

42-құжат) күші жойылды деп танылсын.

2-бап. Қазақстан Республикасының мына заң актілеріне өзгерістер енгізілсін:

1. 1959 жылғы 22 шілдедегі Қазақ КСР Заңымен бекітілген Қазақ КСР Қылмыстық кодексіне (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі мен Үкіметінің Ведомостары, 1959 ж., N 22-23, 177-құжат; Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің ведомостары, 1987 ж., N 6, 66-құжат, N 11, 120-құжат, N 18, 228-құжат, N 29, 356-құжат, N 32, 421-құжат, N 35, 445, 446-құжаттар, N 41, 504-құжат, N 43, 521-құжат, N 45, 542-құжат; 1988 ж., N 15, 149-құжат, N 16, 159-құжат, N 22, 229-құжат, N 35, 324-құжат; 1989 ж., N 16, 127-құжат, N 28, 212-құжат, N 37, 297-құжат, N 45, 364-құжат; 1990 ж., N 12-13, 114-құжат, N 22, 272-құжат, N 44, 410-құжат, N 48, 445-құжат, N 49, 461-құжат; 1991 ж., N 25, 318-құжат, N 26, 348-құжат, N 28, 373-құжат; Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы 1992 ж., N 4, 96-құжат, N 13-14, 323-құжат, N 15, 380-құжат; 1993 ж., N 17, 402, 405-құжаттар, N 20, 469-құжат; 1994 ж., N 15, 207-құжат; 1995 ж., N 1-2, 17-құжат, N 5, 41, 42-құжаттар, N 8, 55-құжат, N 9-10, 64-құжат, N 12, 83-құжат):

122-1-бабының екінші бөлігі алынып тасталсын.

2. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі 1984 жылғы 22 наурызда қабылдаған Қазақ КСР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінде (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Ведомостары, 1984 ж., N 14 (қосымша), N 41, 534-құжат; 1985 ж., N 19, 190, 191-құжаттар, N 32, 325-құжат, N 45,

457-құжат, N 49, 513-құжат; 1986 ж., N 13, 122-құжат, N 25, 242-құжат, N 31, 320-құжат, N 49, 506-құжат; 1987 ж., N 2, 19-құжат, N 16, 201-құжат, N 29, 356-құжат, N 32, 421-құжат, N 41, 503-құжат, N 46, 560-құжат; 1988 ж., N 35, 324-құжат; 1989 ж., N 16, 129-құжат, N 27, 208-құжат, N 45, 364-құжат, N 49, 444-құжат, N 50-51, 458-құжат; 1990 ж., N 12-13, 114-құжат, N 44, 410-құжат, N 48, 445-құжат, N 49, 461-құжат; 1991 ж., N 25, 318-құжат, N 26, 348-құжат, N 28, 373-құжат; Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы 1992 ж., N 4, 96-құжат, 98-құжат, 100-құжат, N 13-14, 323-құжат, N 15, 380-құжат; N 16, 400-құжат; 1993 ж., N 3, 42-құжат, N 4, 70-құжат, N 8, 159, 161-құжаттар, N 9, 220, 222-құжаттар, N 20, 468, 469-құжаттар; 1994 ж., N 4-5, 60-құжат, N 8, 134-құжат, N 15, 207-құжат; N 21-22, 272-құжат; 1995 ж., N 1-2, 17-құжат, N 5, 41-құжат, N 8, 55-құжат, N 9-10, 64-құжат, N 15-16, 105-құжат; N 17-18, 110-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 1, 177-құжат):

165-1-бабының бірінші бөлігінің екінші, жетінші, сегізінші және тоғызыншы абзацтарында "(жасырындарынан басқа)" деген сөздер алынып тасталсын.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің "Жасырын шоттардың ашылуына байланысты Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне толықтырулар мен өзгертулер енгізу туралы" 1995 жылғы 21 сәуірдегі Заң күші бар N 2230 Жарлығында (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 5, 42-құжат):

1-тармағының бесінші абзацы, 2 және 3-тармақтары алынып тасталсын;
4-тармақ 2-тармақ болып есептелсін.

4. Қазақстан Республикасы Президентінің "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 1995 жылғы 24 сәуірдегі Заң күші бар N 2235 Z952235_ Жарлығында (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 6, 43-құжат, N 12, 88-құжат, N 23, 152-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 1, 180, 181-құжаттар):

147-бабының 1), 4), 6)-тармақшаларында "(жасырын шоттардан басқа)" деген сөздер алынып тасталсын.

5. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы Заң күші бар N 2444

Z952444_

Жарлығында (Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 15-16, 106-құжат, Қазақстан
Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 184-құжат):
50-бабының 5-тармағында "(жасырын шоттардан басқа)" деген
сөздер алынып тасталсын.

Қазақстан Республикасының
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК